

Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 425 "Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 97 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 8479 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 124 шешімімен

Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 28.03.2024 № 124 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ойыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 425 "Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7343 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен айқындалған Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібінде:

11 тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295 Н/Қ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес белгіленеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл аудандық
мәслихатының төрағасы*

С. Займолдин